## Норвегия Корольдігінің Премьер-Министрі К.М.Бондевиктің Қазақстан Республикасына 2004 жылғы 25-26 мамырдағы ресми сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 13 қазандағы N 302-ө Өкімі

Норвегия Корольдігінің Премьер-Министрі К.М.Бондевиктің Қазақстан Республикасына 2004 жылғы 25-26 мамырдағы ресми сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру және Қазақстан-норвегия ынтымақтастығын одан әрі дамытуды қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қоса беріліп отырған Норвегия Корольдігінің Премьер-Министрі К.М.Бондевиктің Қазақстан Республикасына 2004 жылғы 25-26 мамырдағы ресми сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары, өзге де мемлекеттік органдары және мүдделі ұйымдар (келісім бойынша) Жоспарда көзделген іс-шараларды орындау жөнінде тиісті шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі кемінде жарты жылда бір рет Жоспардың орындалу барысы туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің 2006.06.27. N 176 өкімімен.

*Премьер-Министр*

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2004 жылғы 13 қазандағы
N 302 өкімімен
бекітілген

## Норвегия Корольдігінің Премьер-Министрі К.М.Бондевиктің Қазақстан Республикасына 2004 жылғы 25-26 мамырдағы ресми сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

| Р/с N | Іс-шара | Орындалу мерзімі | Орындалуына жауаптылар |
|---|---|---|---|

| 1 | 2 | 3 | 4 |
|---|---|---|---|
| 1. | Қазақстан Республикасы мен Норвегия Корольдігі арасында мұнай-газ жабдығын өндіру саласындағы ынтымақтастық мәселелері бойынша ұсыныстар дайындау. | 2005 жылдың төртінші тоқсаны | Қазақстан Республикасы Энергетика және минерал. дық ресурстар министрлігі, Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі |
| 2. | Каспий теңізінің қазақстандық секторындағы барлау және өндіру мәселелерін қоса алғанда, Норвегияның "Статойл" компаниясымен мұнай-газ саласындағы ынтымақтас. тықты жалғастыру. | Тұрақты негізде | Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі, "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы (келісім бойынша) |
| 3. | Қазақстан Республикасы мен Норвегия Корольдігінің мұнай қорларын басқару саласындағы ақпарат алмасуды жалғастыру. | Тұрақты негізде | Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлі. гі, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі (келісім бойынша) |
| 4. | Шағын және орта кәсіпкерлік саласындағы норвег тәжірі. бесін мынадай бағыттар бойынша зерделеу:<br>1) оқыту және консалтинг ұйымдастыру жөніндегі норвег қорының қызметі;<br>2) "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" АҚ-ға норвег тәжірибесін енгізу жөніндегі бағдарламаларды әзірлеу;<br>3) норвег тарабының шағын және орта кәсіпкерлікке арналған бірыңғай | 2004 жылдың төртінші тоқсаны | Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі, "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамы (келісім бойынша) |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | ақпараттық жүйені құру жөніндегі тәжірибесін зерделеу (арақашықтық консалтинг); 4) "Норвегия инновациясы" қорының шағын және орта кәсіпкерлікті қолдауды дамыту бағыттары жөніндегі тәжірибесін зерделеу мақсатында Норвегия Корольдігіне бару. | | |
| 5. | Норвег тәжірибесін ескере отырып, Қазақстан Республикасында өнеркәсіп. тік кластерлерді құру жөніндегі жобаларды іске асырудың тетіктерін әзірлеу. | 2005 жылдың үшінші тоқсаны | Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі, "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамы |
| 6. | Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Норвегия Корольдігінің Үкіметі арасындағы Халықаралық автомобиль тасымалдары және жүктер туралы; Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Норвегия Корольдігінің Үкіметі арасын. дағы Әуе қатынасы туралы келісімдердің жобаларын әзірлеуді жалғастыру. | 2005 жылдың бірінші жарты. жылдығы; 2005 жыл бойында | Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация. лар министрлігі, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі |
| 7. | Норвегиялық "Telenor" компаниясымен Қазақстан Республикасының ұтқыр және спутниктік байланысын дамыту жөніндегі бірлескен инвестициялық жобаны іске асыру мүмкіндігін пысықтау. | 2004 жылдың екінші жарты. жылдығы | Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі, Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі, "Қазақтелеком" акционер. лік қоғамы (келісім бойынша) |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 8. | Қазақстан Республикасы мен Норвегия Корольдігі арасындағы ынтымақтастықты дамыту және екі жақты деңгейде де, халықаралық және аймақтық ұйымдар шеңберінде де халықаралық терроризмге және жаппай қырып-жою қаруын таратуға, ұйымдасқан қылмысқа, заңсыз есірткі тасымалына, адамдар саудасы мен заңсыз көші-қонға қарсы күрес жүргізуде өз күш-жігерлерін үйлестіру. | Тұрақты негізде | Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) |
| 9. | 1) Қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастықты дамыту. Бұрынғы Семей полигоны, Арал теңізі және уран көмбелері (Оңтүстік Қазақстан облысы) ауданда. рындағы экологиялық және әлеуметтік мәселелерді шешу үшін норвег қаржысы мен техникалық көмегін тарту; | Тұрақты негізде | Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі |
| | 2) Қазақстан Республикасында өкілдік ашу жөніндегі "Rogeland Research" ғылыми-зерттеу орталығының ұсынысын пысықтау. | 2004 жылдың екінші жартыжылдығы | |
| 10. | Қазақстан Республикасы үшін су ресурстарын басқару жөніндегі кешенді жоспарды іске асыру және Йоханнесбург іс-қимыл жоспарының міндетте. рін шешу мақсатында екі жақты ынтымақтастықты жандандыру. | Тұрақты негізде | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі |
| 11. | Екі елдің сыртқы істер министрліктері аясында халықаралық және аймақтық | 2004-2005 жылдар | Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі, |

| | |
|---|---|
| саясат мәселелері жөніндегі, сондай-ақ екі елдің уәкілетті мемлекеттік органдары аясында энергетика саласындағы ынтымақтастық мәселелері жөніндегі екі жақты консультациялар тетіктерін құру мүмкіндігін пысықтау. | ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі, Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі |

---

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК